

МАҢЫЗДЫ!!! Жыл сайын КИМЭП университетіне оқуға түсуге арналған онлайн өтініштерді қабылдау 15 қазаннан бастап ашылады. Егер сіз қазір 11 немесе 12-сыныпта оқып жүрсеңіз және КИМЭП университетін жоғары білім алу үшін ықтимал нұсқа ретінде қарастырып жүрсеңіз, онда дәл қазір онлайн өтініш беруіңізге болады. Бұл сізге студенттік нөмірді алдын ала алуға мүмкіндік береді, ал біз сізді ең маңызды жаңалықтар туралы жедел түрде хабардар ете аламыз.

КИМЭП ұсынатын мүмкіндіктер мен жаңалықтардан хабарсыз қалмаңыз!

КИМЭП университеті оқуға түсу үшін құжаттарды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде немесе осы тілдерге нотариалды расталған аудармамен қабылдайды.

## 1-ҚАДАМ. ОНЛАЙН ӨТІНІШ БЕРУ

Талапкер порталы тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн қолжетімді.

1. Талапкер порталы арқылы онлайн өтініш толтырыңыз
2. Жеке куәлігіңіздің (екі жағы) сканерленген көшірмесін жүктеңіз
3. Бар болған жағдайда IELTS/TOEFL/Duolingo сертификаттарының жарамды көшірмелерін жүктеңіз
4. Цифрлық фотосурет

Цифрлық фотосуретіңізді дәл «Фото» бөліміне жүктеу өте маңызды, себебі КИМЭП-тің барлық департаменттері сіздің жеке басыңызды осы сурет арқылы анықтайды.

Фотосурет JPEG форматында, 300 ppi (дюймге пиксель) рұқсатымен, кемінде 8 мегапиксель сапада және төмен сығылумен (жоғары сапада) болуы қажет.

Егер сіз КИМЭП университетінің гранттары мен басқа да қаржылай қолдау түрлеріне құжат тапсыруды жоспарлап жүрсеңіз, **Қаржылай қолдау бөліміне тікелей хабарласып, кеңес алыңыз.** Бұл бөлім келесі мәселелер бойынша сізге көмек көрсетеді:

- Құжаттарды қабылдау (арнайы тіркеу формасын белгіленген мерзімде толтыруды қоса алғанда)
- Таңдау критерийлері
- Гранттарды бөлу процесі
- Құжаттарды тапсыру мерзімдері

Гранттар мен қаржылай қолдау бойынша мына байланыс нөмірлеріне жүгініңіз: +7 727 270 43 16, ұялы/ватсап +7 707 970 43 16, Email: finaid@kimep.kz

**Маңызды:** Қабылдау комиссиясы гранттар бойынша кеңес бермейді және оларды бөлумен айналыспайды. Барлық сұрақтар Қаржылай қолдау бөлімінің құзырында.

## 2- ҚАДАМ. НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН ЖҮКТЕУ

Осы бөлімдегі құжаттар тиісті түпнұсқаларын алғаннан кейін бірден порталға жүктелуі тиіс:

1. Жалпы орта білім туралы аттестаттың және қосымшасының көшірмесі
2. ИКТ нөмірін және ҰБТ сертификатындағы балдарды талапкер порталындағы ҰБТ бөліміне енгізу қажет

## 3- ҚАДАМ. ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНА ТАПСЫРУ

Аттестаттың және қосымшасының түпнұсқасын **15 маусымнан** бастап тапсыруға болады.

Егер сіз аттестатты алып, КИМЭП студенті болуды армандасаңыз, **онда аттестаттың және қосымшасының түпнұсқасын мүмкіндігінше тезірек өзіңіз алып келуді немесе курьерлік пошта арқылы жіберуді ұсынамыз.** Бұл сізді қабылдау туралы бұйрыққа уақытылы қосуға мүмкіндік береді.

Сіз барлық ұйымдастыру мәселелерін алдын ала шеше аласыз және ең бастысы – шілде айының ортасынан бастап ашылатын **пәндерге тіркелуді** сәтті жүзеге асырасыз.

### Бейіндік және таңдау пәндері көрсетілген мамандықтар тізімі (Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша)

Мамандық	Шекті балл	Таңдау бойынша пән	Бейінді пән
Экономика	Кемінде 50 балл, оның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл, ал қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.	География	Математика
Менеджмент			
Есеп және аудит			
Қаржы			
Мемлекеттік және жергілікті басқару			
Маркетинг			
Халықаралық құқық	Кемінде 75 балл, оның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл, ал қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.	Дүниежүзі тарихы	Құқық негіздері
Құқықтану	Кемінде 50 балл, оның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл, ал қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.	Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы
Халықаралық қатынастар			
Саясаттану			
Аударма ісі			
Когнитивті ғылымдар	Кемінде 50 балл, оның ішінде оқу сауаттылығынан кемінде 3 балл, математикалық сауаттылықтан кемінде 5 балл және қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.	Математика	Информатика
Шетел тілі: екі шетел тілі педагогикалық бағыт	Кемінде 75 балл, оның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл, ал қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.		
Ақпараттық жүйелер	Кемінде 50 балл, оның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл, ал қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.	Математика	Информатика
Компьютерлік ғылымдар			
Журналистика	Екі шығармашылық емтихан (эссе және жазбаша сұхбат)	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
Қазақстан тарихы мен оқу сауаттылығы пәндері бойынша балдар есепке алынады Шығармашылық емтихан онлайн форматта өткізіледі			
Психология	Кемінде 50 балл, оның ішінде оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл, сондай-ақ қалған пәндерден кемінде 5 балл жинау қажет.	География	Биология

**Маңызды.** Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге болуы тиіс және оқу жылының бірінші семестрі ішінде нострификациялау/тану рәсімінен өтуі қажет.

\*Компьютерлік ғалыдар бағдарламасына түсуші барлық талапкерлер өздерінің дайындық деңгейін анықтау үшін математикадан тест тапсыруға міндетті

## Медициналық құжаттардың түпнұсқаларын КИМЭП медициналық орталығына тапсыру қажет.

Тіркеу кезінде қиындықтар болмауы үшін талапкерлер құжаттарды тапсыру барысында КИМЭП Университетінің Медициналық орталығына келесі құжаттардың толық топтамасын ұсынуы тиіс:

Денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (075/у нысаны), оған мыналар кіреді:

- Терапевт;
- Офтальмологтың (көз дәрігері);
- Отоларинголог (ЛОП);
- Хирург;
- Невролог;

Аспаптық және зертханалық зерттеулер: флюорография, микрореакция және гельминт жұмыртқаларына нәжіс талдауы.

075/у нысанындағы анықтаманы алу үшін келесі дайын анықтамалар болуы қажет:

- Наркологиялық ұйымнан анықтама
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама

Аталған анықтамаларды eGov.kz порталы немесе eGov mobile қосымшасы арқылы алуға болады. № 065/у нысанының көшірмесі (вакцинация картасынан немесе амбулаториялық картасынан егулер туралы жазбалардың көшірмесі)

Кеуде қуысының рентгені (флюорография) қорытындысымен бірге. Қорытындыда рентгенологтың екі мөрі болуы тиіс. Флюорография 075/у анықтамасына қоса тіркеледі.

Егер кеуде қуысының рентгені (флюорография) Қазақстан Республикасынан тыс жерде жасалса, ол Алматы қаласындағы рентгенолог тарапынан расталуы тиіс.

Барлық сұрақтар бойынша КИМЭП университетінің Медициналық орталығына хабарласыңыз: +7 727 237 48 05 (ішкі 1324/1325);  
Электрондық пошта: med.center@kimep.kz

## 4- ҚАДАМ. АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

### Undergraduate English Proficiency Requirements

Level	CEFR	IELTS Academic	TOEFL iBT*	Duolingo	PTE Academic	Cambridge FCE (B2 First)	LanguageCert Academic
Academic English	B2	5.5 (≥5.0 in each section)	51-66 (Reading 12-15; Listening 12-15; Speaking 17-18; Writing 14-18)	95+ (≥90 in each section)	39+	160+	60
UF A and Provisional A	B1 +	5.0 (≥4.5 in each section)	37-50 (Reading 8-11; Listening 8-11; Speaking 14-16; Writing 9-13)	94 (≥80 in each section)	31-38	159	50
UF B and Provisional B	B1 low	4.5 (≥4.0 each)	26-36 (Reading 4-7; Listening 3-7; Speaking 11-13; Writing 4-8)	60-94 (≥75 in each section)	24-30	140-158	40
UF C and Provisional C	A2	4.0 (≥3.5 each)	14-25 (Reading 1-3; Listening 0-2; Speaking 7-10; Writing 1-3)	10-59	10-23	n/a	n/a

TOEFL iBT\* - Beginning January 21, 2026, TOEFL iBT score reports will feature a new 1 – 6 scale. The corresponding values will be updated as soon as new TOEFL iBT reporting format is officially launched.

#### Sources:

TOEFL iBT: <https://www.ets.org/toefl/test-takers/ibt/scores/understand-scores.html>

Duolingo: <https://englishtest.duolingo.com/scores>

PTE Academic: <https://www.pearsonpte.com/pte-academic/scoring>

Cambridge FCE (B2 First): <https://www.cambridgeenglish.org/exams-and-tests/cambridge-english-scale/>

LanguageCert Academic: <https://www.languagecert.org/en>

### LL.B. (Құқық бакалавры) және В.І.Л. (Халықаралық құқық бакалавры) білім беру бағдарламаларына түсуші талапкерлер ағылшын тілін меңгеру деңгейін келесі талаптарға сәйкес растауы тиіс:

IELTS емтиханынан 6.5 және одан жоғары балл немесе ағылшын тілін білу деңгейін растайтын өзге де бекітілген халықаралық сертификаттың баламалы нәтижесін ұсынған талапкерлер академиялық пәндерге тікелей орналастырылады.

IELTS емтиханынан 5.5 немесе 6.0 балл немесе бекітілген баламалы нәтижені ұсынған талапкерлер міндетті түрде сұхбаттан өтуі тиіс.

Сұхбат нәтижелері бойынша талапкер:

- ағылшын тілін қатар оқыту (қосымша тілдік қолдау) шартымен бағдарламаға қабылдануы; немесе
- баламалы академиялық траекторияны таңдауға ұсыныс алуы мүмкін.

## 5- ҚАДАМ. ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМДІ БІЛУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ

1. Электрондық пошта - КИМЭП Университетінің талапкерлермен ресми байланыс арнасы болып табылады. Сол себепті онлайн өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайы студенттер қатарына қабылдану сәтінде жарамды болуы тиіс.
2. КИМЭП Университетіне қабылданғаныңыз туралы хабарлама электрондық поштаңызға жіберіледі және талапкер порталының «Acceptance Package» бөлімінде орналастырылады.
3. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талапкер порталыңыздың «Acceptance Package» бөлімінде қолжетімді болады.
  - **Шартты басып шығарыңыз:** Порталда шартты тауып, басып шығарыңыз.
  - **Мұқият оқып шығыңыз:** Барлық талаптармен танысу үшін шартты толық оқып шығыңыз.
  - **Әр бетіне қол қойыңыз:** Шарттың әр бетінде арнайы белгіленген жерге өз қолтаңбаңызды қойыңыз.
  - **Қол қойылған шартты сканерлеңіз:** Сканер немесе телефондағы сканерлеу қосымшасы арқылы шарттың электрондық көшірмесін жасаңыз. Барлық беттер анық көрінетініне көз жеткізіңіз.
  - **Сканды жүйеге жүктеңіз:** «Documents for upload» бөліміне өтіп, «SIGNED CONTRACT» ұяшығын табыңыз. Сол жерге сканерленген файлды жүктеңіз.

**МАҢЫЗДЫ!** Егер сіз шартқа қол қоятын кезде әлі 18 жасқа толмаған болсаңыз, оның заңды күші болуы үшін ата-анаңыздың немесе заңды өкіліңіздің қолы қажет. Бұл талап кәмілет жасқа толмаған тұлғалардың заңды тұрғыда толық әрекетқабілетті болмауына байланысты. Ата-ананың немесе заңды өкілдің қолы – олардың сіздің шарт бойынша міндеттемелеріңізден хабардар екенін және сіз оларды орындай алмаған жағдайда жауапкершілікті өз мойнына алуға келісетінін растайды.

Егер сіз қол қойылған шартты порталға жүктемесеңіз, бұл пәндерге тіркелуге кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан, барлық қадамдарды уақытылы орындауды ұмытпаңыз.

## 6- ҚАДАМ. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕЛУ

Пәндер кестесін жасау, оқу құнының есебін жүргізу және тіркелу бойынша барлық сұрақтармен Студенттерге академиялық қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз: +7 727 2704268 (ішкі.3175/3213), 2704310 (ішкі.3157), WhatsApp +7 701 309 16 24, Ұялы./WhatsApp +7 701 309 17 47